

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін ажырату сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісуге қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 ақпан N 195

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін ажырату сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей  
Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін ажырату  
сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге қол қою туралы**

**Қ А У Л Ы                      Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін ажырату сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін ажырату сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге қол қойылсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі Қайрат Қуатұлы Әбусейітовке оған Келісімнің мәтініне қағидатты емес сипаттағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін ажырату сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісуге қол қоюға өкілеттік берілсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбі шектес учаскілерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы, төмендегілер туралы келісті:

## **1-БАП**

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған егеменді құқықтарын жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеп бөлу туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге және оған арналған 2002 жылғы 13 мамырдағы хаттамаға, Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін межелеп бөлу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы 2001 жылғы 29 қарашадағы келісімге және Әзірбайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі шектес учаскелерін межелеп бөлу туралы 2002 жылғы 23 қыркүйектегі келісімге сәйкес  $42^{\circ} 33',6$  солтүстік ендіктің және  $49^{\circ} 53',3$  шығыс бойлықтың географиялық координаттары бар Каспий теңізі түбі шектес учаскілерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі тұрған жерін белгіледі.

## **2-БАП**

Осы Келісім қол қойылған сәтінен бастап уақытша пайдаланылады және тиісті мемлекетішіаралық рәсімдердің орындаулы туралы Тараптардың соңғы жазбаша мәлімдеулерін жіберген күнінен бастап күшіне енеді.

\_\_\_\_\_ қаласында 2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде әрқайсысы үш данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтық туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН  
ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН  
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮШІН*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК